

# Қазақстан Республикасы салаларының даму ерекшеліктері (Денсаулық саласы).

Орындаған: Жанәділова Г.Т

Қабылдаған: Айтуганова Ж.Ш

# Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының жағдайы және оның қаржыландыру жүйесі.

- Қазақстан Республикасы халқы денсаулығының жай-күйі, санитарлық-эпидемиологиялық ахуал және денсаулық сақтау жүйесінің дамуы соңғы он жылдықта оң үрдістермен де, сол сияқты теріс үрдістермен де сипатталды.
- Соңғы жылдары негізгі медициналық көрсеткіштер — туу, өлім-жітім, өмір сүрудің орташа ұзақтығы тұрақтандыруға қол жеткізді. Жұқпалы аурулармен ауыру төмендеді

- Денсаулық сақтау саласында бірқатар реформалар жүргізілді, олардың бір бөлігі табысты іске асырылды, басқалары өзінің қисынды жалғасына жетпеді. Соңғыларына міндетті медициналық сақтандыру жүйесін құруды, отбасылық медицина моделіне көшуге әрекеттенуді жатқызуға болады. Солардың арасынан саланың нормативтік құқықтық базасын құруды, денсаулық сақтауды қаржыландырудың елеулі ұлғаюын оң өзгерістер ретінде атап өткен жөн, бұл бірқатар қазіргі заманғы клиникалардың құрылысын жүзеге асыруға, медициналық ұйымдарға күрделі жөндеулер жүргізуге және олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуын жақсартуға, емдеу-диагностикалық процесіне жаңа медициналық технологиялар енгізуге мүмкіндік туғызды. Медициналық көмек көрсетудің сапасын жақсарту және оның қолжетімділігін арттыру нәтижесінде бірқатар жұқпалы және басқа да ауруларға қатысты халық денсаулығының жай-күйінде оң үрдістерге қол жеткізілді. Алайда республика халқының денсаулық жағдайы өлшемінің көптеген бөлігі қанағаттанғысыз болып отыр.

Қазақстанда медициналық мекемелердің 80 % мемлекеттік меншікте болса, ал 20% жеке меншікте, демек, медициналық сұрақтарда мемлекет басты роль ойнайды. 17 миллион халқымен Қазақстанның нарық медициналық сыйымдылығы 500 миллион АҚШ долларының сомасына бағаланады.



## Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасы



Халық өмірінің жас ұзақтығы  
2013 жылы - **69,5** жасқа дейін,  
2015 жылға қарай - **70** жасқа дейін  
ұлғаяды деп күтілуде.



Ана өлімі 2013 жылы - тірі туылған  
әр 100 мың адамға шаққанда **28,1** дейін,  
Ал 2015 жылға қарай – **24,5**  
дейін төмендейді.

# Кесте.

## Ауруханалық ұйымдар саны:

- Қазақстан Республикасы 1020 998 1009
- Ақмола 51 50 44
- Ақтөбе 57 54 52
- Алматы 88 90 88
- Атырау 40 40 41
- Шығыс Қазақстан 102 103 97
- Жамбыл 62 60 58
- Батыс Қазақстан 45 44 42
- Қарағанды 100 102 97
- Қостанай 57 57 59
- Қызылорда 68 61 53
- Маңғыстау 30 27 33
- Павлодар 60 60 60
- Солтүстік Қазақстан 36 29 32
- Оңтүстік Қазақстан 135 133 153
- Астана қаласы 26 26 31
- Алматы қаласы 63 62 69

- 2011 жылы бала туу көрсеткіші халықтың 1000 адамына шаққанда 17,2-ні құрады және 2001 жылмен салыстырғанда 1,2 есе өсті. Республикада бала туудың өсу үрдісі 2001 жылдан бастап байқалып отыр. Қазақстан Республикасы егеменді мемлекет ретінде қалыптасу процесінде әлеуметтік–экономикалық реформалардың қиын жолдары арқылы өзінің әлеуметтік саясатын жүргізіп келеді. Экономикадағы болып жатқан көптеген процестердің арасындағы өзара байланыс әлеуметтік саланың тармақтарының дамуының қарқындылығының жалпы экономикалық өсуді, экономиканың әртүрлі салаларының арасындағы тепе-теңдікті, халықтың өмір сүру деңгейінің сапалық көрсеткіштерін, халықтың денсаулық, білім деңгейінің көрсеткіштерін алдын-ала анықтайтынын дәлелдейді.

Бүгінгі таңда халықтың денсаулық көрсеткіштері (орташа өмір сүру ұзақтығы, ана және бала өлімі, ауыру деңгейі және т.б.) әртүрлі мемлекеттер арасында салыстырылатын және әр елдің өркениеттілігінің деңгейін көрсететін факторлардың бірі болып саналады. Сондықтан денсаулық сақтау саласының проблемалары мемлекеттің әлеуметтік-саяси деңгейіндегі өзекті мәселелері деп қабылданып, күнделікті көңіл бөлінетін шараларға айналуы тиіс. Еліміздің дамуының геосаяси болашағы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері, экономикалық өсу және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің өсуі қоғамдағы адамдардың табиғи және рухани даму деңгейіне, олардың кәсіби белсенділігіне, өмір сүру ұзақтығына тікелей тәуелді болады.

















